

Қалпына келтіру және медициналық оңалту бөлімшесі

Тәулік бойы 30 төсекке арналған қалпына келтіру және медициналық оңалту бөлімшесі медициналық оңалтудың екінші кезеңін жүзеге асырады. Бөлімшеде «неврология және нейрохирургия», «травматология және ортопедия», «кардиология және кардиохирургия» бейіндері бойынша, жай-күйі оңалту бағдарының шкаласына сәйкес 2-3-4 ұпайға бағаланған науқастарға қызмет көрсетіледі.

Оңалтудың негізгі әдістері:

емдік жаттығу (кинезитерапия);

- тыныс алу жаттығулары;

- механотерапия;

- физиоёмдеу;

-эрготерапия;

- логопед сабақтары.

Дәрілік емдеу симптоматикалық бағытта.

Бөлімшеде

- Баспалдақтарының биіктігі электронды түрде реттелетін жүруді үйрету және дұрыс жүру стереотипін қалыптастыруға арналған «Альтерстеп» тренажеры;
- Табанның тіреу қызметіне еліктейтін «KORVIT» симуляторы;
- жамбас және тізе буындарын жетілдіруге арналған «ARTROMOT» тренажеры;
- Қол немесе аяқты қалпына келтіруге арналған көп функциялы «OxyCycle III» аппараты;
- Шынтақ пен иық буынының буындары мен бұлшықеттерін дамытуға арналған «NS-WL-TH660C» иық жаттығу тренажеры;
- «HAND TUTOR» биологиялық кері байланысы бар қолды қалпына келтіру жүйесі;
- «KINESO-EXPERT» Бобат кинезитерапиялық оңалту құралдармен жабдықталған жеке емдік шынықтыру бөлмесі бар.

Физиотерапиялық емді жүргізу төмендегі физиоаппараттармен қамтылған:

- магнитпен емдеу «POLYMAG-02»;

- ультрадыбыспен емдеу «MedTeKo»;

- электрмен емдеу «MedTeKo»;

- «Diadens» бұлшықетті электрмен ынталандыру құрылғысы.